

13.03.2019

## Төрлет, Наурыз, салтанатты салтымыз!

кітап көрме

Наурыз –көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтарының дәстүрлі мерекесіне айналған. Наурыз мейрамы әрқайсымыз үшін асыға күтетін асыл мереке екені сөзсіз. Бұл тамаша мейрам жыл мезгілі ауысатын кезеңнің ғана символы емес, барша тіршілік атаулының оянып, табиғат жаңғыруының нышаны.

Наурыз – бақтың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, өмірге нұр сыйлаған, халық қастерлейтін күн. Қазақ халқы үшін үлкен мейрам, жаңа жыл болып саналған.

Осы мерекеге орай Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімі «Төрлет, наурыз, салтанатты салтымыз» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, шолу жасалынды. Көрме үш бөлімді қамтиды I – бөлім «Қазақ халқының салт -дәстүрлері»; II – бөлім «Ұлттық тағамдар», III – бөлім «Ұлттық ойындар»



Мақсаты: Ұлыстың ұлы күні наурыз мейрамының шығу тарихын түсіндіру, ауызекі сөйлеу арқылы оқушылардың дүние танымын кеңейту, оқырмандардың санасына халқына деген мақтаныш сезімін ұялату, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыпын үйрете отырып Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету; қазақ халқының ұлттық ойындарын, ұлттық тағамдарын, нақыл сөздерін қастерлей отырып оқырмандарға ұғындыру, елін сүйуге, дәстүрлі мерекені құрметтей білуге, бойларына адамгершілік жақсы қасиеттерді сіңіре білуге тәрбиелеу.

Көрмеге қойылған кітаптар: Омар Найам «Наурызнама», Бегманов Касымхан «Халқы мықтының – салты мықты», Қорабай С. «Қазақтың сал - серілері», Базарбек Төтенев «Қазақтың ұлттық ойындары», «Қош келдің наурыз!», Бикенов А. «Қазақтың материалдық мәдениеті» және т.б. кітаптар топтастырылған. Ең бастысы, осы кітап беттерінде жазылған, ұрпаққа жеткізген жазушыларымыздың айтқан әңгімелері, естеліктері, қазақ халқының салт – дәстүрі мен әдет ғұрыптары ешқашан

ұмытылмайды. Наурыз - көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің мейрамы болуымен бірге, халқымыздың салт – дәстүрлерін құрметтеп,

Ұлттық қасиеттерімізді бойыға сіңіру болып табылады. Тек кітап көрмесімен шектеліп қалмай, қызықты фольклорлық ринг ойынымен жалғасын табады.